

338.242.4(075.8)

М 83


Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы



Мұқашева Б. Ә., Дёмушкина Л. О., Әбіл Е. Қ.

Экономиканы мемлекеттік реттеу

(оқу құралы)



**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы**

Мұқашева Б. Ә., Дөмушкина Л. О., Әбіл Е. Қ.

Экономиканы мемлекеттік реттеу

(оқу құралы)

Астана - 2010

~~УДК 338 (075.8)~~

~~ББК 65.050.2-я 73~~

М 83

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Рецензенттер:

Мұхамеджанова Ә. Г., э.ғ.д., профессор

Кучукова Н. К., э.ғ.д., профессор

**М 83 Мұқашева Б. Ә., Дёмушкина Л. О., Әбіл Е. Қ. Экономика-
ны мемлекеттік реттеу: Оқу құралы – Астана: ҚР Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 229 бет.**

ISBN 978-601-287-022-0

Оқу құралында экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық сұрақтары баяндалған. Нарықтық экономика жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеудің жүргізу мен ұйымдастыру түрлері, механизмдері мен құралдары қарастырылған.

Оқу құралы оқытушыларға, аспиранттарға, студенттерге, мемлекеттік экономика саясатын, мемлекеттік қаржы жүйесін, инвестицияны реттеу, мемлекеттік мүліктің жұмыс істеу барысын зерттейтін ғылым қызметкерлеріне арналады. Экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелерімен іс-жүзінде шұғылданатын қызметшілерге пайдалы бола алады.

© Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы

ISBN 978-601-287-022-0 © Мұқашева Б. Ә., Дёмушкина Л. О., Әбіл Е. Қ.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
I БӨЛІМ. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні және қажеттілігі	8
1.1. Экономикадағы мемлекеттің рөлі туралы экономикалық пікірдің даму жолы	16
1.2. Әр түрлі экономикалық жүйе қызметіндегі жалпылық және мемлекет қызметтері	17
1.3. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні және оның қажеттілігі	23
1.4. Мемлекеттік экономикалық саясат тұжырымдамасы	28
1.5. Орталықтан басқарылатын экономиканың тиімсіздігі мәселесі	32
II БӨЛІМ. Экономиканы мемлекеттік реттеу субъектілері мен объектілері	36
2.1. Нарықтық экономикадағы экономикалық мүдделі субъектілері	36
2.2. Экономиканы мемлекеттік реттеудің экономикалық мүдделерді тасушылармен кері байланысы	44
2.3. Экономиканы мемлекеттік реттеу объектілері	45
2.4. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары, олардың сипаттамалары мен өзара байланысы	49
III БӨЛІМ. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен құралдары	57
3.1. Экономикаға тура және жанама әсер ету әдістері	57
3.2. Экономиканы мемлекеттік реттеу тәсілдерін топтастыру	58
3.3. Нарықтық экономикаға мемлекеттің араласуының ең аз және ең көп шегі	64
IV БӨЛІМ. Мемлекеттің қоғамдық игіліктерді жасауы	73
4.1. Қоғамдық тауарлар және олардың дәстүрлі жеке тауарлардан айырмашылығы	73
4.2. Қоғамдық жұмыстарды немесе игіліктерді топтастыру	75
4.3. Қоғамдық тауарларды ұсынудың тиімді деңгейі	77

КІТАПХАНА
Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы

V БӨЛІМ. Экономиканы ақша-несие реттеу	83
5.1. Мемлекеттің ақша-несие саясатының мәні мен теориясы	83
5.2. Экономиканы ақша-несие реттеуінің құралдары	85
5.3. Қазақстандағы ақша-несие реттеу	89
VI БӨЛІМ. Экономиканы бюджетті-салық реттеу	93
6.1. Мемлекеттік қаржы жүйесі	93
6.2. Бюджет теңгерімділігі мәселесі және мемлекеттік борыш	97
6.3. Нәтижені бағдар еткен бюджет	99
6.4. Салық – экономиканы мемлекеттік реттеудің тәсілі	101
6.5. Қазақстанның салық жүйесін жетілдіру бағыттары	107
VII БӨЛІМ. Экономикалық өсу және өндіріс құрылымын мемлекеттік реттеу	111
7.1. Экономикалық өсу және оның ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы алатын орны	111
7.2. Мемлекеттің экономикалық өсуге ықпал етуінің басты бағыттары	112
7.3. Мемлекеттік құрылымдық саясаттың негізгі міндеттері және бағыттары	119
7.4. Мемлекеттің өнеркәсіптік саясаты және оның Қазақстанның индустриалды-инновациялық стратегиясын жүзеге асырудағы рөлі	124
VIII БӨЛІМ. Инвестицияны мемлекеттік реттеу	130
8.1. Инвестициялық үдеріс және оның қаржыландыру көздері	130
8.2. Мемлекеттің инвестициялық саясатының қажеттілігі мен бағыттары	131
8.3. Инвестицияларды мемлекеттік реттеудің әдістері мен тәсілдері	134
IX БӨЛІМ. Агроөнеркәсіптік кешендегі ұдайы өндірісті мемлекеттік реттеу	142
9.1. Агроөнеркәсіптік кешендегі ұдайы өндірістің мәні мен ерекшелігі және оны реттеу қажеттілігі	142
9.2. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің басты бағыттары	144

9.3. Бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған АӨК дамытудағы «ҚазАгро» Ұлттық холдингі» АҚ алатын рөлі	148
X БӨЛІМ. Монополияларды мемлекеттік реттеу	156
10.1. Монополияларды реттеу саясатының қажеттілігі мен негізгі бағыттары	156
10.2. Монополияға қарсы заң және нарықтық экономикасы бар елдердегі монополияға қарсы саясаттың даму жолы	160
10.3. Нарықтық қатынастарды құру және қалыптасу жағдайындағы монополияға қарсы күрес саясаты	163
10.4. Табиғи монополиялар қызметін мемлекеттік реттеу	165
XI БӨЛІМ. Жұмыспен қамтылуды және кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу	171
11.1. Халықты жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық мәні мен тұжырымдамасы	171
11.2. Қазақстандағы жұмыспен қамтылуды мемлекеттік реттеу	176
11.3. Кәсіпкерлік теориясының даму жолы	180
11.4. Қазақстандағы кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің басты бағыттары	187
XII БӨЛІМ. Мемлекеттік сектор – экономиканы мемлекеттік реттеудің құралы	193
12.1. Экономиканың мемлекеттік секторы теориясы	193
12.2. Ұлттық экономикадағы мемлекеттік сектордың тиімділік мәселесі	200
12.3. Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі жекешелендіру мен мемлекет меншігіне айналдыру	203
12.4. Қазақстан экономикасының мемлекеттік секторы құрылымындағы ұлттық холдингтер мен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар	206
XIII БӨЛІМ. Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі болжау, бағдарлау және жоспарлау	213
13.1. Нарықтық экономикада мемлекеттік болжаудың мәні мен әдістері	213
13.2. Экономикалық бағдарламалардың мәні мен түрлері	218
13.3. Нарықтық экономикадағы нәтижеге бағдарланған жоспарлау	220
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	227

КІРІСПЕ

Макроэкономикалық тұрақтылық пен жаңа институционалды орта құру мен құрылымдық қайта құруды мақсат еткен ұлттық экономикаларда мемлекет рөлі ерекше маңызды болып отыр.

Қоғамның шаруашылық өмірін реттеуге мемлекет рөлінің бағытталуы ертеректе, ХІХ ғ. аяғында анықтала бастағанымен, экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесі тек ХХ ғ. екінші жартысында ғана қалыптасқан еді. Бұл жүйе нарықтық механизмнің кері әсерлерін реттейтін және макроэкономикалық тұрақтылықты қалыпты жағдайда ұстау, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін әдістәсілдерді қамтиды.

Экономикалық үдерістерді мемлекеттік тұрғыдан реттеу мәселесінің маңыздылығын ескере отырып, экономика-басқару топтамасында «Экономика-каны мемлекеттік реттеу» пәні пайда болды.

Ұсынылып отырған оқу құралының мақсаты – тыңдаушыларды нарықтық экономиканы мемлекеттік тұрғыдан реттеудің бағыттарымен таныстыру.

Оқу құралы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының тыңдаушыларына «Экономиканы мемлекеттік реттеу» және «Экономикадағы мемлекеттік сектор» курстары бойынша авторлардың оқыған дәрістерінің қысқаша топтамасы болып табылады.

Оқу құралында экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары, әдістері, құралдары, шектері мен негізгі бағыттары жүйелі түрде берілген. «Экономиканы мемлекеттік реттеу» пәнінің негізгі тұстарын ғана қамтитын болғандықтан, бұл оқу құралын курстың негізгі теориялық нұсқасы ретінде қарастыруға болады.

Оқу құралы экономика теориясы негіздерін меңгерген, мемлекеттік басқару органдары қызметімен таныс оқырмандарға және өз білімін тереңдеткісі келетін оқырмандарға ұсынылып отыр. Бұл біріншіден, мемлекеттік басқару, экономика, қаржы мамандықтарын таңдаған магистранттар мен аспиранттар мен біліктілігін арттыруға жіберілген мемлекеттік қызметшілер болып табылады. Оқырмандардың белгілі бір экономикалық білім деңгейінің болуы авторлардың негізгі экономикалық категорияларына тоқталмай, мемлекеттің экономикалық іс-әрекетіне бай-

ланысты мәселелерді жан-жақты тереңдете қарауына мүмкіндік береді. Кітап, сонымен қатар, нарықтық экономика мәселесі қызықтыратын басқа да мамандарға пайдалы бола алады.

Авторлар толықтырылып, екінші басылған оқу құралына айтылған тілектер мен ескертпелер үшін алдынала алғыстарын білдіреді. Пікірлерді келесі мекенжайға жіберулеріңізді сұраймыз: Астана қ., Абай көш. 33-а, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Мемлекеттік және жергілікті басқару институты, «Экономика және қаржы» кафедрасы.

1 БӨЛІМ. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні және қажеттілігі

1.1. Экономикадағы мемлекеттің рөлі туралы экономикалық пікірдің даму жолы

Экономикалық ғылымның пайда болу кезеңінен бастап, ғалымдар өз зерттеулерін экономикадағы мемлекеттің рөлі және қызметі мәселелерін анықтауға бағыттап келеді. Әр түрлі кезеңде және түрлі елдерде экономистердің жасаған теориялары ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу тәжірибесінде қолданылды.

Меркантилизм

Капиталды бастапқы жинақтау кезеңінде пайда болған (XV-XVII ғғ.) алғашқы экономикалық мектептердің бірі меркантилизм деп аталып, оның өкілдері экономиканы белсенді мемлекеттік реттеу қажеттілігін негіздеді, олардың ойынша басты назарды әсіресе сауда мен өнеркәсіпті дамытуға бағыттау керек болатын.

Меркантилистер ақшаны байлықтың абсолюттік формасы ретінде қарастырды және, олардың пікірінше, ұлттың алтыны және күмісі неғұрлым көп болған жағдайда, соғұрлым ол бай болып саналады. Ал ақша байлығын жинақтау мемлекеттік биліктің көмегімен ғана қол жеткізіледі.

Ертеректегі (немесе ақша) меркантилизм теориясын жақтаушылар (ағылшын У. Стаффорд, итальяндық Г. Скаруффи) елдегі ақшаны ұстап тұруға бағытталған мемлекеттік шараларды қабылдауды қолдады. Мұндай шаралар ретінде келесілері атап өтілді: шетелге ақшаны шығаруға тыйым салу; валюта саудасына мемлекеттік монополияны енгізу; шетел тауарлары саудасына «қойма орындарын» жасауды ұсыну (қатаң жазалау қыспағынан қорыққандықтарынан, шетелдіктер сатудан түскен барлық табыстарын жергілікті өндіріс тауарларын сатып алуға жұмсауға міндетті болды) [1, 65-б.].

XVI ғ. екінші жартысы – XVII ғ. кейінгі меркантилизм дамып және өркендей бастайды (оның өкілдері – ағылшын экономисі Т. Манн, итальяндық А. Серра, француз А. Монкретьен). Бұл кезеңде абсолюттік монархияның қалыптасуы аяқталған болатын, ал сауда буржуазиясының экономикалық қуаттылығы арта баста-

ды. Мемлекет өзінің қызмет ету саласын сауда саласына ауыстырды, мұндағы басты міндет белсенді сауда тепе-теңдігінің жүйесін құру болып табылады.

Кейінгі меркантилизмді жақтаушыларының пікірінше, мемлекет байлығы елден шығарылған және елге әкелінген тауарлар құнының арасындағы айырмашылыққа тәуелді, яғни экспорттың импорттан артық болуына тікелей байланысты (асыл метал түріндегі оң айырмашылық елде қалады). Мұндай айырмашылықты қамтамасыз ету үшін келесілер ұсынылады:

– өз елінен тек дайын бұйымдарды шығару (шикізатты шығарумен салыстырғанда, оларды сатудан түсетін табыс көбірек), қымбат заттардың әкелуіне тыйым салу;

– делдалдық сауданы дамыту, ол үшін шетелге ақшаны шығару рұқсат етілді (мұндағы талап – бір елден арзанға сатып алып, басқа елге қымбатқа сату).

Сонымен қатар, үкімет белсенді сауда тепе-теңдігін қалыптастыру және сыртқы нарықтарды қамту үшін, импортты шетелдік тауарларға баж салу арқылы реттеп, сыртқы нарықта өніміне сұранысы көп кәсіпорын иелеріне сыйақы беріп, экспортты ынталандыруы тиіс. Осы мақсатпен, сонымен қатар елді өнеркәсіптік бұйымдарды импорттау қажеттілігінен босату үшін, өнеркәсіпті, әсіресе мануфактуралық өнеркәсіпті, дамытуды ынталандыру ұсынылады.

Меркантилизм идеялары мемлекеттік саясаттың теориялық негізі болып, ол протекционистік саясат немесе ұлттық нарықты қорғау саясаты деген атауға ие болды. Бұл саясат отандық экономиканы дамытуды ынталандыруға, оны шетелдік бәсекелестерден қорғауға, сыртқы нарықты кеңейтуге бағытталған болатын. XVII ғ. бастап және осы күнге дейін белгілі бір дәрежеде, нақты жағдайларда протекционистік экономикалық саясатты қолданбаған мемлекет болған жоқ. Мұндай саясаттың негізгі құралдарына: импортталатын тауарларға протекционистік тарифтер, импорттық квоталар, экспорттық субсидиялар және экспорттаушыларға салықтық жеңілдіктер және т.б жатады. Әрине, бұл шаралар мемлекеттің қолдауынсыз жүзеге асырылмайды, сондықтан да, меркантилистердің ойынша, экономикалық үдерістерге мемлекет белсенді араласады.

Экономикалық либерализм

Нарықтық қатынастардың дамуы нәтижесінде ұлғайған өнеркәсіптік капитал мемлекеттік қолдау мен онымен байланысты шектеулерді өз қызметіндегі кедергі ретінде қарастырады, одан құтылуға ұмтылады. Экономистер өз еңбектерінде меркантилизм ұстанымдарын жиі сынға алып отырады. Экономикалық либерализмнің жаңа көзқарастарын саяси экономияның классикалық мектебін қалаушылары Адам Смит және Давид Рикардо қалыптастырды.

А. Смиттің «Халықтар байлығының табиғаты және себептері туралы зерттеуі» (1776 ж.) еңбегінде табиғат заңдарына ұқсас әрекет ететін және қоғамның дамуын анықтайтын экономикалық заңдар түсіндіріледі. Оған *сыртқы (мемлекеттік) араласу болмаған кездегі экономикада стихиялы орнатылатын «табиғи үйлесімділік» (тепе-теңдік) идеясы жақын болды және ол нарықтық жүйенің қызмет етуінің тиімді тәртібі болып табылады. Смит экономиканың мұндай табиғи қызмет етуін «көрінбейтін қол» қағидасы деп атады, яғни ажыратып айтсақ, жеке табысқа ұмтылу жалпы табысқа, өндіріс пен прогрестің дамуына әкеледі [2, 54-б.].*

А. Смит мемлекеттің рөлін «түнгі қарауыл» қызметімен шектеді:

- тәртіпті қолдау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
 - сот шешімдерін тарату;
 - қоғамдық құрылғыларды және қоғамдық мекемелерді ұстау;
- «Кәсіпкерліктің еркіндігі», «сауда еркіндігі» – бұл қағидалар теорияда да, саясатта да мемлекеттік протекционизм идеяларын алмастырды.

Экономикаға мемлекеттің араласуын шектеудің жақтаушысы ретінде Д. Рикардо танымал болды. А. Смит сияқты ол экономикада объективті және стихиялы, бірақ тануға болатын заңдар әрекет етеді деп санады. Сыртқы (мемлекеттік) араласу орын алмаған кезде олардың әрекет ету механизмі экономикалық жүйені тепе-теңдікте болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Д. Рикардо пікірінше, қоғамның өндірістік күшінің өсуіне ықпал ететін мемлекеттік экономикалық саясатты жасау қажет еді. Мұнда ол экономикалық заңдарды зерттеуге және мемлекетке қажетті экономикалық саясатты жасауға қабілетті саяси экономияның маңызды рөлін байқады.

А. Смит және Д. Рикардо фритредерлік (ағылшын тілінен free trade – еркін сауда) теориясы мен саясатының негізін қалаушылары болып саналады. Басты идея – барлық шаруашылық етуші субъектілеріне негізгі экономикалық бостандық кепілдендірілуі тиіс:

- қызмет ету саласын таңдау еркіндігі;
- бәсеке еркіндігі;
- сауда еркіндігі.

Классиктер мұндай саясатты барлық елдер мен халықтарға әрқашан тиімді болады деп көрсетті. Дегенмен, бұл саясат тек ХІХ ғ. ортасында ғана Ұлыбританияда толықтай жүзеге асырылған болатын.

Кейнсиандық теория

Терең және ұзаққа созылған экономикалық дағдарыстар, ХІХ ғ. ортасында әлеуметтік мәселелердің шиеленісуі, 1848 ж. революция, әсіресе 1929-1933 жж. Ұлы дағдарыс кезеңі шаруашылық дамуды тұрақтандырып, жүйенің әлеуметтік тепе-теңдігін қамтамасыз ететін мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың қажеттілігін білдірді. Бұл қажеттілік экономикалық ғылымда көрініс тапты. Ағылшын экономисі Джон Мейнард Кейнстің 1936 жылы жарық көрген «Жұмыссыздық, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» еңбегінде негізі қаланған жаңа бағыт – кейнсиан бағыты пайда болды.

Дж. М. Кейнс (1883-1946) – ХХ ғасырдағы экономикалық пікірлердің көрнекті өкілі. Экономикалық ілімде оны экономиканы мемлекеттік реттеу теориясының негізін қалаушысы деп санайды. Дж. М. Кейнс А.Смиттің «көрінбейтін қол» қағидасы мен мемлекеттің экономикаға араласпау идеясына сын көзбен қарады. Ол жеке экономикалық тұлға немесе фирманың жандану шарттары ел экономикасы өркендеуінің шарттарымен ұқсас екені туралы пікірмен келіспейтінін айтты. Керісінше, олардың арасында қарама-қайшылықтар туындайды және олардың шешімі ұдайы өндірістің жалпы жағдайлары аясында болады және мемлекетпен реттеледі.

Кейнс теориясын дағдарысқа қарсы деп қарастыруға болады, себебі ол экономиканы дағдарыс жағдайында қарастырды. Оның көзқарасына сәйкес, еркін нарықта экономиканың дағдарыс жағдайынан шығуын қамтамасыз ететін механизмдерінің болмау себебінен мемлекет экономикаға белсенді араласуы тиіс. Осылай-

ша Кейнс өздігінен реттелетін нарықтық механизмге сенімсіздік танытып, қалыпты өсуді қамтамасыз ету және тепе-теңдікке қол жеткізу үшін экономикалық даму үдерісіне сырттан (мемлекет тарапынан) араласу қажет.

Ерекше күрделі мәселелер ретінде Кейнс нарықтық шаруашылықтың экономикалық дағдарысқа және жұмыссыздыққа бейімділігін бөліп көрсетті. Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігін дәлелдей отырып, тиімді сұраныстың кейнсиандық теориясы тұжырымдарымен негізделген, ол мемлекеттік дағдарысқа қарсы саясат және толық жұмыспен қамтылу саясатының бағдарламасын дайындап ұсынды [3, 32-б.].

Өсу және жұмыспен қамтылу деңгейін арттырудың анықтаушы факторы ретінде тиімді сұранысты қамтамасыз ету үшін Кейнстің негізгі «әдістері» келесідей:

1. Ақша саясаты, пайыздық мөлшерлемені реттеу. Несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету кәсіпкерлерді ақша қаражаттарын бағалы қағаздарға емес, өндірістің дамуына салуға ынталандырады.

2. Бюджеттік саясат. Кейнстің пікірінше, мемлекеттік шығындарды, мемлекеттік инвестицияларды және тауарларды мемлекеттік сатып алуды арттыру тиімді сұранысты ынталандырға себеп болады.

3. Табысы жоғары емес әлеуметтік топтар мүдделеріне сай табыстарды қайта бөлу. Бұл олардың тарапынан тұтынушы сұранысын арттырады.

4. Жоғары жұмыссыздыққа жол бермеу және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін кеңейту мақсатындағы толық жұмыспен қамту саясаты.

Алғаш рет кейнсиандық дағдарысқа қарсы бағдарламаны тәжірибеде жүйелі қолдануға америка президенті Ф. Рузвельт ұмтылған болатын және ол еңгізілген мемлекеттік реттеу жүйесін «жаңа бағыт» деп атады.

Мемлекеттік реттеудің кейнсиандық үлгісі ұзақ мерзімді уақыт аралығында экономиканың циклдық ауытқуын төмендетуге мүмкіндік берді. Бірақ 70-жылдардың басынан бастап нарықтық экономикалы елдерде қалыптасқан объективті экономикалық

жағдайлар және мемлекеттік реттеу мүмкіндіктер арасында сәйкессіздік байқала бастады. Кейнстің үлгісі тек экономикалық өсудің жоғары қарқыны жағдайында ғана тұрақты болатыны анықталды. Тек ұлттық табыс өсуінің жоғары қарқындары капиталдың жинақталуына зиян келтірмей қайта бөлуге мүмкіндік жасайды.

Монетаризм

70-жылдардың екінші жартысынан бастап (әсіресе 1974-1975 жж. ірі әлемдік экономикалық дағдарыстан кейін) өндірістің жағдайы күрт төмендеді. Экономиканы реттеудің кейнсиандық әдістері тиімсіз екені белгілі болды, мысалы, инфляциялық спираль. Экономикалық тепе-теңдікті қалпына келтірудің жаңа тұжырымдарын іздестіру басталды. Егер Кейнстің пікірі бойынша неғұрлым өзекті мәселе жұмыссыздық, жұмыспен қамтылу және экономикалық өсуді қамтамасыз ету болса, бұл жылдары инфляцияны реттеу міндеті алдыңғы орынға қойылды. Осының негізінде экономикалық ғылымда жаңа бағыт – монетаризм пайда болды, оның негізін қалаушы Милтон Фридмен болды.

Монетаристердің кейнсиандықтардан айырмашылығы, біріншіден, олардың пікірінше, нарықтық экономика өзінің ішкі тенденциялары және жағдайларына қарай тұрақтылыққа, өзіндік реттеуге ұмтылады. Нарықтық бәсеке жүйесі жоғары тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бағалар тепе-теңдік бұзылған жағдайда түзетуді қамтамасыз ететін басты құрал рөліне ие болады. Ауытқулар, сәйкессіздіктің пайда болуы әдетте ішкі себептерден емес, сыртқы араласу, мемлекеттік реттеу қателіктерінің нәтижесі болып табылады. Осылайша, монетаристердің пікірінше, экономикалық үдерістерді мемлекеттік реттеу олардың табиғи жүрісін бұзады.

Екіншіден, монетаризм мектебі өкілдерінің пікірі бойынша ақша факторлары басым болуы тиіс. Демек, экономикаға әсер ететін әртүрлі құралдардың ішінде әкімшілік, бағалық әдістер емес және салық жүйесі де емес, ақша құралдары тандалады. Тек ақша құралдары реттеудің басты мақсаты ретінде экономикалық тұрақсыздықты қамтамасыз етуге қабілетті [4, 140-б.].

Құралдардың нәтижесі бойынша бюджеттік саясатты жеткілікті дәрежеде нақты, жылдам және болжануын бағалан Кейнстен өзгешелігі, Фридмен дәл осылай ақша-несие саясатын сипаттайды.

Монетаристік теория ақша-несие құралдарын экономиканы реттеудің басты құралдары ретінде санайды, яғни бұл құралдарды пайдалану ағымдық емес, ұзақ мерзімді міндеттерге бағдарлануы тиіс.

Монетаристік тұжырымдама кейнсиандық тұжырымдамадан өзгешеленеді, ал кейбір жағдайда оған қарама-қайшы болып келеді (кесте 1). Сонымен қатар экономикалық реттеу мәселесі бойынша бұл екі тұжырым арасында бірден алшақтық орнату дұрыс емес. Бұл екі теория да нарықтық экономика шарттарына қарай құрылған. Белгілі бір дәрежеде олар бірін-бірі өзара толықтырады.

Кесте 1. Кейнсиандық және монетаризмнің негізгі ерекшеліктері.

Дж. М. Кейнс	М. Фридмен
Нарықтық шаруашылыққа мемлекеттің араласуы қажет	Нарық өздігінен реттеле алады
Жұмыспен қамтылу жиынтық сұранысқа тәуелді	Экономика өзі өндіріс пен жұмыспен қамтылу деңгейін белгілейді
Ақша массасы өндіріске нейтралды	Ақша массасы – бағаның өсуі және конъюнктураның өзгеру себебі
Басты мәселе – жұмыссыздық	Басты мәселе – инфляция
Икемді ақша саясаты қажет	Тұрақты ақша саясаты қажет
Бюджет тапшылығы – сұранысты ынталандыру әдісі	Бюджет тапшылығы – инфляцияның себебі
Кейнсиандық – экономикалық өсу теориясы	Монетаризм – экономикалық тепе-теңдік теориясы

Ұсыныс тұжырымдамасы

Соңғы жылдары дамыған нарықтық экономика елдерінде инфляция мен жұмыссыздыққа әсер ететін классикалық реттеу құралдарының өзара әрекет етуінде өзгерістер болды. Бұрын олар толыққарама-қайшылық ретінде қарастырылды – жұмыссыздықтың төмендеуі инфляцияны арттыру жолымен жүзеге асырылды және керісінше бағытта болды.

70- жылдары нарықтық экономикада жаңа құбылыс – стагфляция пайда болды, яғни бір уақытта инфляция мен жұмыссыздықтың пайда болуымен сипатталады. Онымен күресу жолдарын іздеу экономиканы мемлекеттік реттеудің жаңа бағытына, американдық экономистермен дайындалған (А. Лаффер, М. Фелдстайн, Р. Риган) ұсыныс тұжырымдамасының қалыптасуына алып келді. Теория «ұсыныс экономикасы» деген атауға ие болды, және онда монетаризм жетекші рөлді атқарды [5, 556-б.].

Бұл тұжырымдама өндірісті, инвестицияларды және жұмыспен қамтылуды ынталандыруға бағытталған тәжірибелік ұсыныстардың жиынтығы.

Ұсыныс тұжырымдамасын жақтаушыларының пікірінше, нарық – шаруашылықты ұйымдастырудың ең тиімді емес, жалғыз «қалыпты» әдісі болып табылады. Сондықтан олар мемлекет тарапынан экономиканы реттеуге қарсы шықты, олардың ойынша, бұл тиімділікті және оны байланыстырушы шаруашылық қызметке қатысушылардың энергиясын, бастамасын төмендетуге алып келетін зұлымдық.

Ұсыныс экономикасының негізгі идеясы – сұранысты ынталандырудың кейнсиандық әдістерінен бас тартып, *күш-жігерді ұсынысты анықтайтын факторларды қолдауға көшіру.*

Бұл тұжырымдаманың негізгі ұсыныстары:

– инвестицияларды ынталандыру мақсатында салықтық мөлшерлемелерді төмендету;

– мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру, ал ол шаруашылық қызметке мемлекеттік қатысуды азайтады және бәсекені дамытуға алып келеді;

– бюджеттік жандану, әсіресе әлеуметтік бағдарламаларды қысқарту арқылы бюджет тапшылығын азайту.

Ұсыныс тұжырымдамасын тәжірибеде жүзеге асыру ұмтылысы АҚШ-тың президенті Р. Рейган басқаруы кезінде қабылданған болатын.

Осылайша, нарықтық экономикада мемлекеттің рөлі мен теориялық негізделуі ұзақ уақыт бойы орын алып келеді және бір-біріне толық қарама-қайшы әртүрлі бағыттар мен тұжырымдамаларды

кұрайды. Сонымен қатар, біріншіден, экономист-ғалымдардың, саясаткерлердің қандай да бір ғылыми тұжырымдаманы ұстануы және, екінші жағынан, таңдалған тәжірибелік экономикалық саясаттың қажеттілігі, тиімділігін ажырату қажет болып табылады. Яғни, тәжірибеде қандай да бір үлгінің жүзеге асырылу мүмкіндігі экономикалық даму ерекшеліктері, нақты елде белгілі бір кезеңде мемлекеттің алға қойған міндеттерінің қажеттілігі және маңыздылығымен анықталады.

XX ғ. соңында қазіргі нарықтық экономикада мемлекеттің орны мен рөліне қатысты әртүрлі мектептер мен бағыттар экономистерінің нақты консенсусы белгіленді. Мемлекеттің жүйені дамытудың белгілі бір жағдайларын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ереже бойынша өзара келісім белгіленді (заң, жекеменшікті қорғау, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық). Сонымен қатар, әртүрлі бағыттың жақтаушылары экономикалық үдерісте мемлекеттің тікелей қатысуын барынша төмендету жолын белсенді іздестірді.

Экономиканы мемлекеттік реттеу тәжірибесінде соңғы уақытта монетаризм идеясы, және де экономиканы конъюнктуралық реттеу, тұрақты жұмыспен қамтылу, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында ұлттық табысты қайта бөлудің кейнсиандық тұжырымдамалары қолданылуда.

Осыған байланысты мемлекеттік реттеудің негізгі үш түрін ажыратады:

1. Экономиканы басқаруда толық мемлекеттік монополизм. Ол КСРО және басқа да социалистік мемлекеттерге тән болды. Қазіргі уақытта кейбір посткоммунистік елдерде, мысалы ҚХДР-да сақталған.

2. Нарықтық және мемлекеттік реттеуіштер үйлесімінің әртүрлі нұсқалары. Нарықтық экономиканың әлеуметтік бағытталған мұндай нұсқалары «жапон», «швед», «қытай» және «германдық» үлгілерде жүзеге асырылған.

3. Либерализм жеке кәсіпкерліктің еркін дамуын тиімді деп санайды. Мемлекеттік реттеудің осы түрі АҚШ-қа тән [6, 610-б.].

1.2. Әр түрлі экономикалық жүйе қызметіндегі жалпылық және мемлекет қызметтері

Экономикалық жүйе – бұл қоғамда әрекет ететін мүліктік және ұйымдастырушылық формалар негізінде жасалатын, барлық әлеуметтік-экономикалық процестердің жиынтығы.

Экономикалық жүйенің негізгі элементтеріне әлеуметтік-экономикалық қатынастар жатады, оның негізінде ресурстарға меншік формасы; шаруашылық қызметтің ұйымдастырушылық формалары; шаруашылық механизмдері, яғни қызметті макро-экономикалық деңгейде реттеу әдісі; шаруашылық субъектері арасындағы экономикалық байланыстар жатыр.

Экономикалық жүйелер келесі негізгі белгілер бойынша ажыратылады:

- өндіріс құралдарына меншік түрі бойынша;
- экономикалық қызметті басқару және үйлестірудің әдістері мен тәсілдері.

Америкалық экономистер К. Макконнелл және С. Брю – атақты «Эконо-микс» кітабының авторлары – экономикалық жүйелердің төрт түрін бөліп қарастырады: «таза» капитализм; қазіргі нарықтық экономика, немесе аралас жүйе; әкімшілік экономика; дәстүрлі экономика [7, 47-б.].

Экономикалық жүйе түріне байланыссыз қоғамның шаруашылық өмірінде шаруашылық субъектердің түрлі іс-әрекеттері қоғамда экономикалық хаос тудырмас үшін, белгілі бір жалпы ережелерді сақтау қажет, яғни ол халық шаруашылығының дамуын қамтамасыз ететін экономикалық үдерістердің логикалық жиынтығына айналуы тиіс. Мұндай ережелер тарихи даму барысында пайда болады және өзгереді, жалпы қабылданған тәжірибемен немесе экономикалық жүйенің басты мақсатына сәйкес әкімшілік тәртіппен белгіленеді.

Бұл ережелерді қоғамның қабылдауы және міндетті қадағалауы экономикалық жүйе қызмет етуінің басты шарттарының бірі болып табылады. Шаруашылық механизмі ұдайы өндірілетін және экономикалық ынталандыру, жазалау көмегімен ~~барлық шаруашылық субъектеріне оның ережелерін қадағалауды қамтамасыз ететін экономикалық құрылыс тұрақты болып табылады.~~

Нақты экономикалық құрылыс келесі екі шарт болғанда ғана қалыптасады:

1. мемлекеттік шекарада белгілі бір территория болуы тиіс;
2. елдің территориялық тұтастығын қамтамасыз ететін, ішкі тәртіпті сақтайтын, құрылыстың пайда болуы және даму сипаты мен механизмін анықтайтын ережелерді жасайтын, осы ережелерді қадағалауға көмектесетін орталық және жергілікті басқару органдары болуы тиіс.

Халықтың қалыпты өмірінің және экономиканың қызмет етуінің шектеулі шарттарын жасау және қолдау бойынша мемлекет қызметтері кейде полицейлік деп аталады.

Мемлекеттің жүйені дамытуда шектеулі шарттарын қамтамасыз ету - әртүрлі экономикалық жүйелердегі мемлекеттің *бірінші* жалпы қызметі.

Еңбек бөлінісіне негізделген кез келген экономикада шаруашылық етуші субъектердің әртүрлі шешімдерін үйлестіру қажет. Мысалы, өндірушілердің жоспарын үйлестіру, олар тұтынушылар, капиталдың меншік иесі, жалдамалы жұмыскерлер мақсатымен сәйкес болуы қажет. Бұл шаруашылық қызметті үйлестірумен қамтамасыз етіледі.

Шаруашылық қызметті үйлестіру – әр түрлі экономикалық жүйедегі мемлекеттің *екінші* жалпы қызметі.

Үйлестіру – бұл жүйенің басым мақсаттарына сәйкес шаруашылық етуші субъектер іс-әрекетіне әлеуметтік-экономикалық жүйенің мәжбүрлі әсер ету механизмі. Әкімшілік экономика жағдайында үйлестіру әкімшілік әдістермен жүзеге асырылды. Нарықтық экономикада шаруашылық субъектілері шешімдеріне әсер ету экономикалық әдістермен жүзеге асырылады (материалдық мүдде арқылы немесе материалдық шығын қаупі). Мұндай әсер ету де мәжбүрлік сипатқа ие.

Үйлестіру ақпарат және уәж жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Мұнда ақпарат тиімді шаруашылық тәртіптің қажетті негізін құрайды. Ақпараттың шектеулі жағдайында тиімді тәртіп те шектеулі болады. Бұл кез келген шаруашылық субъектісіне қатысты болады.

Яғни, кәсіпкерлер қандай да бір тауарлар мен қызметтерге сұраныс қандай екені туралы, тұтынушылардың қалауы, нарықта

шикізат, капитал және жұмыс күшінің болуы, жаңа технологиялар, сыртқы нарықтағы жағдай туралы ақпаратқа ие болуы тиіс.

Тұтынушыларға ұсынылатын тауарлар мен қызметтер, олардың сапасы, бағасы, сату шарттары туралы ақпарат қажет.

Мемлекеттік басқару органдарына экономиканың жағдайы және болашағы, бюджеттің күтілетін табыстары мен қажетті шығындары, жұмыссыздар саны, жеке аудандар мен салалардағы жағдай, елдің сыртқы экономикалық байланыстарының жағдайы және келешегі туралы ақпарат қажет.

Орталықтан басқарылатын (әкімшілік) экономикада ақпараттың басты қайнар көзі барлық халық шаруашылығының мемлекеттік жоспарлары (орта мерзімді және жылдық) болды.

Нарықтық экономикада кәсіпорындар, тұтынушылар, отбасылар ақпаратты өздері тауып, шығынға ұшырайды. Кәсіпорындар үшін басты ақпараттық көрсеткіштер: нарықтың ағымдық және келешектегі жағдайы туралы мәліметтер, күтілетін сату көлемі, пайда, баға деңгейі, еңбекақы, пайыздық мөлшерлеме, салықтар және т.б болып табылады. Отбасыларға жұмыспен қамтылу болжамы, еңбекақы деңгейі, баға, салықтар, әлеуметтік төлемдер мөлшерін білу маңызды.

Қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету – түрлі экономикалық жүйедегі мемлекеттің үшінші жалпы қызметі.

Қоғамды нақты, жедел қызмет ететін ақпаратпен қамтамасыз етуде жетекші рөлге мемлекет ие:

1. Мемлекеттік органдар ақпаратты ұйымдастырушы және таратушы болып табылады. Олар елде тұтас статистикалық жүйені жасайды, ғылыми жобалау орталықтарын қаржыландырады, ақпараттық материалдар басып шығарады.

2. Мемлекеттік органдар салықтар, кедендік баж деңгейі сияқты маңызды ақпараттық көрсеткіштерді, ал кейбір елдерде электр энергиясы, коммуналдық қызметтер, теміржол көлігі тарифтерін, есептік мөлшерлемені анықтайды.

Бірақ әкімшілік және нарықтық экономикада мемлекеттің қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша қызметін орындауларында маңызды өзгешелік бар. Нарықтық шаруашылықта мемлекет ақпаратқа монополиялық билік жасамайды.

Тұтас экономика және оның жеке бөліктерінің қызмет етуіне жалғыз ақпарат жеткіліксіз. Шаруашылық субъектері қызметіне уәждеу жүйесі қажет, яғни ол жағымды (сыйақы) және теріс (жаза) болуы мүмкін. Егер сыйақы және жаза қаржылық сипатқа ие болса, уәждеу материалдық болуы мүмкін. Бұл табыстың өсуі және төмендеуінде, шығынға, тоқырауға ұшырауында көрініс табады.

Нарықтық экономикада уәждемелік әсер етудің басқа әдістері – әкімшілік шаралар, соттық қуғындау, қоғамдық пікірлер, саяси қысым, шіркеу ұстанымы пайдаланылса да, материалдық уәждеу шаралары қолданылады. Мемлекет уәждеу жүйесінің қызмет етуінде маңызды рөл атқарады. Бірақ әрбір экономика өзінің ақпарат және уәждеу жүйелеріне ие, себебі оларсыз ұдайы өндірісті жасау мүмкін емес.

Ақпарат құралдары тұрақты түрде шаруашылық субъектеріне уәждік әсер ету жүйесіндегі өзгерістерді хабардар етуі тиіс.

Шаруашылық субъектеріне уәждік әсер ету жүйесін жасау – түрлі экономикалық жүйедегі мемлекеттің төртінші жалпы қызметі.

Меншік жүйесімен қатар ақпарат және уәждеу жүйелері экономиканы жалпы басқару жүйесінің негізін құрайды.

Экономикалық жүйелер басқару әдістерімен ерекшеленеді. Шаруашылық субъектердің жеке жоспарларын үйлестіруді орталықтандыру арқылы, яғни мемлекеттік органдар негізгі міндетті жоспар жасаған жағдайда жүзеге асыруға болады (әкімшіл экономика немесе жоспарлы шаруашылық). Нарықтық шаруашылықта шешім қабылдау, жоспарлау шаруашылық субъектерімен жүзеге асырылады, үйлестіру нарықтық механизм арқылы жасалады, яғни мемлекет нарыққа қатысушыларды ақпаратпен қамтамасыз етеді және олардың қызметін ынталандыру жүйесін жасайды. Осылайша, үйлестіру түріне сәйкес жүйе орталықтан басқарылатын экономика немесе нарықтық шаруашылық ретінде көрініс табуы мүмкін.

Қазір кез келген мемлекетте экономикалық жүйе түріне тәуелсіз мемлекеттік органдар экономикалық қызметтерді орындайды. Бұл қызметтер әрбір ел үшін экономикаға мемлекеттің араласу қажеттілігін туғызатын жағдайды және оның мақсаттарын қалыптастырады. Барлық елдер үшін мемлекеттің экономикалық қызметтерін тарихи анықтайтын жалпылама факторларды бөліп қарастыруға болады:

- экономикалық жүйенің түрі;
- осы жүйе экономикасын дамыту мақсаттары;
- экономикалық мүмкіндік және меншіктік қатынастар жүйесі;
- экономикалық қатынастардың даму дәрежесі;
- халықаралық қатынастардың сипаты және аймақтардың даму деңгейі;

– әлемдік шаруашылық және халықаралық еңбек бөлінісінде осы мемлекеттің алатын орны.

Экономикалық жүйенің түрі ұдайы өндіріс барысында туындайтын негізгі экономикалық қатынастардың елдегі тарихи қалыптасқан қағидалар, ережелер, нормалар сипатына байланысты қалыптасады.

Экономикалық жүйе түрлеріне байланысты мемлекеттің қызметтердің нарықтық экономика, аралас экономика, дәстүрлі, әміршіл-әкімшіл экономикасы пайда болады. Яғни, еркін бәсеке жағдайында экономикалық дамудың негізгі мақсаттары нарықтық механизм әрекетімен қамтамасыз етіледі, ал мемлекет нарыққа қолайлы жағдай жасауға бағытталған «түнгі қарауыл» қызметін атқарады.

Қазіргі нарықтық экономикада немесе аралас экономика жағдайында, мемлекет қызметі ауқымды және олар нарықтық субъектер тәртібінің жалпы ережелерін жасап қана қоймай, ұлттық ресурстарды, табыстарды қайта бөлу, экономикалық үдерістерді реттеу, болжау және жоспарлау сияқты мәселелерді қамтиды. Бірақ мұнда экономиканың берілген үлгісінің даму мақсатына байланысты әр түрлі елдегі мемлекеттің экономикалық қызметтерінің тізімі ерекшеленеді.

Дәстүр, әдет-ғұрып, діни құндылықтар басым болатын дәстүрлі жүйеде негізгі экономикалық міндеттер әр түрлі шаруашылық шеңберінде шешіледі. Сондай-ақ, мұндай жүйеде мемлекет табыстарды қайта бөлу қызметін белсенді жүзеге асырады.

Әміршіл-әкімшіл жүйеде мемлекет экономикалық қызметтердің көп мөлшерін орындайды. Қоғамдық меншіктің басым болуы (нақты мемлекеттік) мемлекетке қоғам өмірінің барлық салаларын бақылауға мүмкіндік береді.

Экономикалық қатынастардың ұлттық ерекшеліктері қандай да бір экономикалық жүйе шеңберінде түрлі үлгілерді қалыптастырады, яғни мемлекеттің экономикалық қызметтер жүйесін анықтайды.

Экономикалық жүйелердің неғұрлым кең таралған үлгілері америкалық, германдық, шведтік, жапондық және т.б болып саналады. Үлгі шеңберінде мемлекеттің қандай да бір экономикалық қызметтерінің рөлі, жүзеге асыру формалары өзгеруі мүмкін.

Мемлекеттің экономикалық қызметтер жүйесін қалыптастыру үдерісі Қазақстан және Ресейде белгілі бір ерекшеліктерге ие. Экономикалық жүйені өзгертуге байланысты, яғни әміршіл-әкімшіліктен нарықтық экономикаға көшу, қазақстандық экономиканың даму ерекшелігі мемлекеттің жаңа қызметтерінің пайда болуына алып келді.

Нарықтық қатынастарға өтуге байланысты мемлекеттің келесідей экономикалық қызметтерін бөліп қарастыруға болады:

1) шаруашылық етудің нарықтық механизмінің қызмет етуін қалыптастыру және қамтамасыз етуімен байланысты қызметтер:

- нарықтық қатынастар, нарықтық инфрақұрылымды дамыту үшін жағдай жасау;

- жаңа экономикалық жүйеде мемлекеттің орнын анықтау, экономиканың мемлекеттік және нарықтық реттеуіштерінің өзара әрекет етуін қамтамасыз ету жолдарын таңдау;

2) тұрақты экономикалық дамуды, экономикалық тепе-теңдікті қамтамасыз етумен байланысты қызметтер:

- шаруашылық етудің жаңа жағдайларына құқықтық базаны жасау, тиімді шаруашылық етудің жалпы шарттарын анықтау;

- макроэкономикалық тұрақтылық саясатын жүргізу;

- орталықтандырылған және жергілікті деңгейде ресурстар мен табыстарды тиімді қайта бөлу;

- ұлттық ғылыми потенциалды дамыту;

- елдің аймақтарын дамыту жағдайын қамтамасыз ету;

- әлемдік шаруашылықта ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету;

- мемлекеттік меншікті басқару;

3) әлеуметтік мәселелерді шешумен байланысты қызметтер:

- қоғамдық игіліктер өндірісін ұйымдастыру;

- әлеуметтік саланың, халықты әлеуметтік қорғау механизмінің қызмет етуін қамтамасыз ету;

Мемлекеттің экономикалық қызметтерінің тәжірибеде жүзеге асуы экономикалық мүмкіндікпен анықталатын нақты экономикалық мүмкіндіктерге тәуелді.

1.3. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні және оның қажеттілігі

Нарықтық экономика жағдайындағы экономиканы мемлекеттік реттеу (ЭМР) – қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жүйенің өзгерістерге бейімделуін қамтамасыз ету және оның тұрақтылығын сақтау мақсатында мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың жүзеге асыратын заң шығарушы, атқарушы және бақылау шараларының жүйесі.

«Экономиканы мемлекеттік реттеу» терминін қолданғанда «мемлекеттік экономикалық саясат» (МЭС) термині көп кездеседі. Теориялық көзқарастан «МЭС-ты» кең ұғымда қарастыруға болады, өйткені оның құрамына экономиканы реттеу, мемлекеттің экономикаға араласпауы (экономикалық либерализм принциптері) енеді. Бірақ қазіргі кездегі нарықтық экономика шындықтарын есепке алатын болсақ, бұл көзқарас дұрыс емес. Қандай да әлеуметтік-экономикалық жүйеде мемлекет фискалдық, әскери күштері мен басқару аппаратын қаржыландыру, сыртқы экономикалық байланыстар мен ақша айналымын реттеу, құрылыс жүргізумен айналысады. Ал қазіргі жағдайда мемлекет міндетті түрде әлеуметтік-экономикалық үдерістерге қатысып, ғылыми зерттеулерді, білім беруді, әлеуметтік қамту, қоршаған ортаны қорғауды қаржыландырады. Сондықтан «ЭМР» және «МЭС» терминдерін тең деп атауға болады.

XX ғасырда әлем елдерінің экономикасындағы мемлекеттің рөлі өсті. Бұл экономикасы орталықтан басқарылатын елдердің рөлінің өсуімен ғана емес, сонымен қатар көп елдерге тән нарықтық экономиканың аумағының өсуімен және оның ішіндегі байланыстар мен үдерістердің күрделенуімен байланысты, нарықтық шаруашылықтың дамуымен қатар, жеке меншік негізінде автоматты түрді шешілмейтін экономикалық және әлеуметтік мәселелер туындады. Соның негізінде ұлттық экономиканың дамуына қажетті, бірақ жеке тұлғалар үшін тиімсіз, пайдалылығы төмен салаларға ірі инвестицияларды тарту қажеттілігі пайда болды.

Капитализм құрыла бастаған кезеңде пайда болған классикалық экономикалық теория өкілдерінің табыстар икемділігі және қамтылу негізінде бәсеке мен бағаны нарық өз бетімен реттей